Енді қартаю кезеңі жақындаған сайын адам көптеген рөлдерді игерсе, онда оларды жоғалтып айырылған уақытта ол онша қинала қоймайды. Жаңа жұмыс орның табуға жеңіл соғады. Отыз жастағы эмоционалдық, психологиялық тұрақтылығы және белсенділігі бар адамдар жетпіс жастан асқан кезеңде өз бойындағы энергиясын сақтай алады. Отыз жастағы қорқыныш және консерватизм сапасындағы адамдар өмірінің аяғына дейін, бірқалыпты тұрақтылықты бола алмай, сенімсіздікпен үрейлене қарайды.

Қоғам оларды кемсітіп, оларға қарсы болып көрінеді. Егер үлкен егде жастағы адамдар жаққа жолды тауып, қалыптасқан байланысты сақтап қалса, олар мәдени деңгейдің жаңа түрін құрып, өзінің психологиялық тұрақтылығын сезінеді.

3. Осы жастағы топқа жататын адамдардың арасында психологиялық жақындастық, бірін- бірі қабылдап, тез тіл табысып кету;

4. Халықтың бөтен топтармен іс- әрекет жасаудан оларды алып тастауы.

Сонымен үлкен егде жастағы адамды кемсіту, олардың бірлігі қартаю кезінде қарым-қатынастарының өзіне тән жаңа түрі туындайды.

Осы түрі, яғни теорияның пайымдауынша бұл адамдарға арналған мамандандырылған мекемелерінің көбеюі, өзіндік мәдени деңгейді көбеюдегі

қалыптастыруға мүмкіндік берер еді. Қарттар өздеріне лайықты мағынада өмір сүргісі келеді. Бұл олар өздерінің проблемаларын шешуге белсенді түрде қалыптасқан жағдайда ғана мүмкіндік болады.

Кейбір мамандар адамдардың жастары бойынша стратификация теорияларын тиімді болып санайды. Бұл теорияға сәйкес адамдардың әр буыны өзінше құнды және тек қана өзіне тән тәжірибесі бар деп тұжырымдалған.

Қазіргі уақыт адамның табиғатына сәйкес келетін қартаю теориялары құралып, бұл процесс жетілдіруге факторлар ықтимал.

Адамдардың қарт адамдар тобына қосылуы оның қоғаммен қарым-қатынасын және өмірдің мәні мен мақсаты, жақсылық пен бақыт деген сияқты құнды нормативтік түсініктерге қатынасын түбегейлі өзгертеді. Адамның өмір сүру салты да өзгереді. Бұған дейін олар қоғаммен, өндіріспен, қоғамдық қызметпен тығыз байланыста болады. Ал зейнеткер ретінде олар өндіріс орнымен жүрген қарым-қатынасты жоғалтады. Бірақ қоғамның мүшесі ретінде олар қоғамдық өмірдің кез келген бір аясына қатысты болып қала береді.

Зейнетке шығу, әсіресе, еңбек қызметі жоғары бағаланған адамдарға ауыр тиеді. Тәжірибе көрсетіп отырғандай еңбек қызметінен айырылу адамдардың психикасына, өмірлік тонусына және денсаулық жағдайына кері әсерін тигізеді.

Адамдардың өмір сүру салты көбіне олардың бос уақытын ұйымдастырумен байланысты. Қоғамдық қызметке белсенді қатыса отырып, қарт адамдар өздерінің өмірлерін әлде қайда қызығырақ етеді. Бұл тұрғыда егде жастағы адамдарды қоғамның түрлі жұмыстарына, жиналыстар ұйымдастыруға, қарт адамдарға арналған теле, радио бағдарламаға қатыстыру жөн.

Өндірістегі еңбегінен бос уақытында қарт адамдар немерелерін тәрбиелеумен айналысады. Олар ұзақ жылдар бойы жинаған тәжірибелері мен жақсылықтарын беруге тырысады.

Отбасымен тұратын зейнеткерлер көбіне үй шаруашылығымен айналысады. Таңертең ерте тұрып, отбасындағы жұмыс жасайтын адамдарға таңғы асын дайындайды. Немерелерін мектепке аттандырады және тағы сол сияқты қызметтер атқарады. Бұл көптеген зейнеткерлердің «демалыс» күні қарт адамдардың денсаулық жағдайы отбасындағы атмосфераға да байланысты болып келеді. Қарт адамдардың отбасындағы жағдайы, қазіргі кезде, әлемде болып жатқан өзгерістер жағдайына да байланысты болып келеді. Мысалға, сол кезге сай ғылыми техникалық революция жағдайында жоғарғы ұрпақтың жиналған тәжірибесі бұрынғы мағыналығын жоғалтады. Неғұрлым білімді жастар үлкен жастағы қарт кісілерге басқа көзқараспен қарайды. Бірақ қарттарға көңіл аудару, отбасындағы жағдайды жақсарту қоғамда қалыптасқан құрылыммен анықталады.

Денсаулық сақтау ісіне байланысты ӨСС анықтау сауалнаманың сұрақтарына жауап толтыруға негізделген. Анкеталық сауалнамаға қатысты жауаптарды дәрігер (реципиент) немесе пациент толтырады. Сауалнамадағы сұрақтар ағзаның әлеуметтік, психологиялық және басқа құрамдас бөліктерінің толығымен тіршілік әрекетін жүргізу қабілетіне, яғни тамақтануға, қозғалысына, адамдармен қарым-қатынасын орнатуға, әртүрлі әлеуметтік қызметтерді орындауға, әртүрлі аурулардың немесе жеке сырқаттардың ағзаға әсер ететін белгілерін анықтауға қажет [24].

Өмір сүру сапасы мен денсаулық жағдайын бағалау үшін әртүрлі сауалнамаларды жүргізу барысында адамдардың сенімділік және сезімдік сияқты психометриялық және физиометриялық қасиеттеріне назар аудару керек. Сенімділік нақты және шынайы болуы үшін өлшеу дәлдігін көрсететін бағананы қолданады. Сезімділік көрсеткіші – зерттелетін адамның көңіл-күйінде туындауы мүмкін өзгерістерге сәйкес ӨСС көрсеткіштерінің ауытқуын анықтау. Валидтік – белгіленген негізгі сипаттаманы сауалнама көмегімен анық өлшеу болып табылады [25].

Өмір сүру сапасын анықтауда қолданылатын барлық сауалнамаларды мынандай топтарға жатқызады: жалпы қолданылатын сауалнамалар (балалар

және ересектер үшін; науқастар және дені сау адамдар үшін және т.б.) және арнайы жағдайда қолданылатын сұрақнамалар. Арнайы сауалнамаларды (анкеталарды) медицина салаларын (онкология, неврология, ревматология және т.б.), адамдардың нозологиясын (сүт безінің қатерлі ісігі, ойық жара ауруы, ревматоидты артрит және т.б.) таңдай отырып жіктейді. Жеке нозологияға арналған немесе пациенттің белгілі бір жағдайына сай айрықша құрастырылған арнайы сауалнамалар (анкеталар) да кездеседі.

Құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты сауалнамалар (анкеталар) жеке бағананың мағынасынан құрылған немесе бірнеше цифрлық сауалнамаларға және бірыңғай цифрлық мағыналық-индекстерге бөлінеді.

Медицина саласында ӨСС зерттеу мақсатында ең жиі қолданылатын жалпы сауалнамаларға MOS-SF-36, Quality of Well-Being index, Child Health Questionnaire, Sickness impact Profile, EUROQOL (Euro Quality of Life Group), Nottingham Health Profile, Quality of Life index, PedsQL атты сауалнамалар жатады.

Медициналық мақсатта қолданылатын жоғарыда аталған жалпы сауалнамалар (анкеталар) сау адамдардың да, пациенттердің де ӨСС бағалауға арналған. Жоғарыда аталған сауалнамалар денсаулықтан тыс тәуелсіз ересек адамдардың арасында қолданылуы мүмкін. Соңғы аталған екі сауалнама әртүрлі жастық топтарының арасында өзге мақсатта пайдаланылуы мүмкін [26].

Денсаулық көрсеткіштерін бағалау үшін тиімді болып есептелетін ӨСС бағалау үшін «Алтын стандарт» немесе - 1992 жылы J.E.Ware құрастырған Халықаралық ұйымдармен стандартталған сауалнама MOSSF-36 (Medical Outcomes Study-ShortForm) қолданылады. Бұл сауалнама өмір сүру сапасын бағалаудың дербес ұлтаралық орталығының (Санкт-Петербург, 1998ж.) зерттеушілерінің қатысуымен құрастырылған.

ӨСС арналған сауалнама 8 бағана бойынша бағалауға мүмкіндік беретін 36 сұрақтан құрастырылған, оның ішінде, дене әрекеті, рольдік (дене) әрекет, ауыру, жалпы денсаулық, өмір сүруге қабілеттілік, әлеуметтік қимыл,

эмоциялық жауап және психологиялық денсаулық бар. Сараптау барысында әрбір көрсеткіш санның мағынасы балл бойынша көрсетіледі (0-ден 100-ге дейін): есептеу баллы жоғарылаған сайын өмір сүру сапасын бағалау дәрежесі де жоғары болады. Зерттеу барысында оны сау адамдар арасында да, науқас адамдар арасында да, халықтың дербес (жас, жыныс және т.б. бойынша) топтарында да, сондай-ақ, жеке адамдарға да қолдануға болады. Халықаралық стандартталған сауалнама MOSSF 36 ӨСС көрсеткіштерінің өзгерісінің даму бағытын анықтауға мүмкіндік береді [26].

ӨСС бағалау үшін басты құрал болып сипаттамалар (ӨСС әрбір құрамдас бөліктерін жеке бағалау) және сауалнамалар (кешенді бағалау үшін) табылады. Олар өз кезегінде, жалпылама (тұтастай денсаулықты бағалау) және арнайы (нақты нозологияны зерттеу үшін) сипатта болуы мүмкін. Сонымен қатар, олардың барлығы аурудың клиникалық ауыртпалық дәрежесін бағаламайды, тек науқастың өз ауруын бағалау дәрежесін көрсетеді [27].

Медицинада ӨСС зерттеу әртүрлі мақсаттарға сай жүзеге асырылған. Осындай зерттеулердің нәтижелері диагностика әдістерінің тиімділігін, емдеуді, профилактика мен оңалтуды, науқастың ауырлық дәрежесін, аурудың одан ары даму болжамын анықтауға қолданылады. Бұдан ӨСС жеке сауықтыруды іріктеу мен еңбекке қабілеттілік қасиетін сараптау үшін, шығындар мен медициналық көмек тиімділігінің арақатынасын талдауға арналған қосымша бағаналық көрсеткіш болып табылады. ӨСС бағалау нәтижелерін медициналық аудитті жүргізгенде, психологиялық мәселелерді зерттегенде, науқастарды бақылағанда, емдеу шараларын жеке түрде қалыптастыруда (нақты науқас үшін оңтайлы препаратты таңдау) қолдануға болады [28].

Ғылыми әдебиеттерде өмір сүру сапасы тұжырымдамасының 3 негізгі құрамдас бөліктерін анықтау жүйесі қабылданған: көп өлшемділік, белгілі бір уақытта өлшеу, өзінің хал-күйін бағалауда адамның (науқастың) қатысуы [29]. ӨСС анықтаудың көп өлшемділігі адамның тіршілік әрекетінің дене,

психологиялық, әлеуметтік, рухани және экономикалық секілді негізгі салалары бойынша деректерді қолданылады.

Денсаулықты зерттеуге байланысты ӨСС аурумен байланысты және онымен байланысы жоқ компоненттерді бағалайды. Сонымен қатар, ауру мен оны емдеудің науқастың денсаулық жағдайына әсерін сараптауға анықтауға мүмкіндік береді [30].

Белгілі бір уақыт ішінде эндогендік және экзогендік себептердің науқастың хал-күйіне тигізетін әсеріне байланысты ӨСС-ның өзгеруі мүмкін. Өмір сүру сапасы туралы деректер науқастың жағдайына тұрақты мониторинг жүргізуге және қажет болған жағдайда оған берілетін емдеу шараларын түзетуге мүмкіндік береді.

Пациенттердің өзінің көңіл-күйін анықтауға қатысуы, өмір сүру сапасын бағалаудың маңызды құрамдас бөлігі болып есептеледі. Респонденттердің өздері жасаған ӨСС бағалау сараптамасы, оның жалпы жағдайының бағалы және сенімді көрсеткіші болып табылады. ӨСС анықтауды науқастың өзі жасайды және дәрігер жасаған ӨСС науқастың анықтамасымен сәйкес келмейді. ӨСС көрсеткіштері нәтижелік қорытындымен бірге, әрбір науқастың жағдайы мен кеселі туралы толық және нақты бағасын жасайды [31].

Қазіргі таңда медициналық тәжірибеде сауалнамалармен зерттеу жүргізу кеңінен қолданылады. Сырқаттан зардап шеккен науқасты анықтауға, патологияның әр түрлі белгілері бар пациенттің жағдайына сипаттама беруге жол ашады [32].

Әртүрлі әлеуметтік-жастық топтардың арасында өмір сүру сапасын анықтау мақсатында жүргізілген зерттеулер [33], бұл денсаулық категориясының бірқатар ерекшеліктерін анықтады. Сондай-ақ, қарттық жастың ұлғаюына байланысты өмір сүру сапасының бірыңғай өзгеру бағыттарын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Қартаюуға байланысты ӨСС қалыптасуындағы заңдылықтардың бірі жас ұлғаюына байланысты ӨСС–ның бірте – бірте төмендеуі анықталды. Жастық

ерекшеліктеріне қарай ӨСС-ның күрт төмендеуі әйелдерде 45 жасынан 55 жасқа дейін дейін, ер адамдарда 45 жасынан 60-қа дейінгі кезеңде, ал одан кейін 70-тен 85 жасқа дейінгі жастық топта қалыптасады [34].

Өмір сүру сапасы деңгейінің күрт төмендеуі алғашқы жастық топтарда эмоциялық және жыныстық жүйе күйінің өзгерісінен, дене белсенділігінің төмендеуінен туындайды, ал екінші жастық кезеңде – сырқаттанумен және дене белсенділігінің төмендеуінен екендігі анықталды [35-37].

Егде адамдар арасында анкеталық сұрақнама жүргізу ерекшеліктері ретінде бұл тұлғалардың сауалнаманы өздігінен толтыру барысында тез шаршауын және олардың зерттеу мақсаты мен сұрақтардың мазмұнын түсіну деңгейінің төмен екендігін де атап көрсеткен жөн [38,39].

Сонымен, еліміздің егде жастағы тұрғындарының өмір сүру сапасын (ӨСС) қалыптастыруда медициналық көмекті олардың жастық, жыныстық, әлеуметтік, қаржылық, психологиялық жағдайларын есепке ала отырып, жүзеге асыру қажеттігі ерекше орын алады. Егде жастағы тұрғындарды емдеуде, олардың организмінде жүретін патологияларды емдеу стандарттары жасалуы қажет.

Өмір сүру сапасын зерттеу қорытындысы денсаулықпен немесе аурумен байланысты адамның субъективті көзқарасын көрсететін жаңа әдісі болып табылады және денсаулықты зерттеудің маңызды қосымша зерттеу әдістерінің бірі болып табылады.

Пациенттердің өзінің көңіл-күйін анықтауға қатысуы, өмір сүру сапасын бағалаудың маңызды құрамдас бөлігі болып есептеледі. Респонденттердің өздері жасаған ӨСС бағалау сараптамасы, оның жалпы жағдайының бағалы және сенімді көрсеткіші болып табылады. ӨСС анықтауды науқастың өзі жасайды және дәрігер жасаған ӨСС науқастың анықтамасымен сәйкес келмейді. ӨСС көрсеткіштері нәтижелік қорытындымен бірге, әрбір науқастың жағдайы мен кеселі туралы толық және нақты бағасын жасайды [31].

Қазіргі таңда медициналық тәжірибеде сауалнамалармен зерттеу жүргізу

кеңінен қолданылады. Сырқаттан зардап шеккен науқасты анықтауға, патологияның әр түрлі белгілері бар пациенттің жағдайына сипаттама беруге жол ашады [32].

Әртүрлі әлеуметтік-жастық топтардың арасында өмір сүру сапасын анықтау мақсатында жүргізілген зерттеулер [33], бұл денсаулық категориясының бірқатар ерекшеліктерін анықтады. Сондай-ақ, қарттық жастың ұлғаюына байланысты өмір сүру сапасының бірыңғай өзгеру бағыттарын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Қартаюға байланысты ӨСС қалыптасуындағы заңдылықтардың бірі жас ұлғаюына байланысты ӨСС–ның бірте – бірте төмендеуі анықталды. Жастық ерекшеліктеріне қарай ӨСС-ның күрт төмендеуі әйелдерде 45 жасынан 55 жасқа дейін дейін, ер адамдарда 45 жасынан 60-қа дейінгі кезеңде, ал одан кейін 70-тен 85 жасқа дейінгі жастық топта қалыптасады [34].

Өмір сүру сапасы деңгейінің күрт төмендеуі алғашқы жастық топтарда эмоциялық және жыныстық жүйе күйінің өзгерісінен, дене белсенділігінің төмендеуінен туындайды, ал екінші жастық кезеңде – сырқаттанумен және дене белсенділігінің төмендеуінен екендігі анықталды [35-37].

Егде адамдар арасында анкеталық сұрақнама жүргізу ерекшеліктері ретінде бұл тұлғалардың сауалнаманы өздігінен толтыру барысында тез шаршауын және олардың зерттеу мақсаты мен сұрақтардың мазмұнын түсіну деңгейінің төмен екендігін де атап көрсеткен жөн [38,39].

Сонымен, еліміздің егде жастағы тұрғындарының өмір сүру сапасын (ӨСС) қалыптастыруда медициналық көмекті олардың жастық, жыныстық, әлеуметтік, қаржылық, психологиялық жағдайларын есепке ала отырып, жүзеге асыру қажеттігі ерекше орын алады. Егде жастағы тұрғындарды емдеуде, олардың организмінде жүретін патологияларды емдеу стандарттары жасалуы қажет.

Өмір сүру сапасын зерттеу қорытындысы денсаулықпен немесе аурумен

байланысты адамның субъективті көзқарасын көрсететін жаңа әдісі болып табылады және денсаулықты зерттеудің маңызды қосымша зерттеу әдістерінің бірі болып табылады.

Зерттеу мақсаты: Кентау қаласындағы егде жастағы адамдардың денсаулығының жағдайын және әлеуметтік-экономикалық факторлардың өмір сүру сапасын әсерін зерттеу.

Материалдар мен зерттеу әдістері: Өмір сүру сапасын бағалау мақсатында Кентау қаласының егде жастағы адамдардан сауалнама жүргізілді. Сауалнама ресейлік зерттеуші Корнилова М.В. әдістемесіне негізделіп, қазақ тіліне аударылып дайындалды. Сауалнама 20 сұрақтан, 3 блоктан құрылған, егде жастағы адамдардың физикалық және психоэмоциональды жағдайын бағалауға, өмірге қажеттіліктеріне қанағаттану деңгейін бағалауға бағытталған. Сауалнама нәтижелері 3 баллдық шкала бойынша бағаланды. Және де қосымша сауалнамаға қатысушыларға физикалық белсенділік дәрежесін, бос уақытында немен айналысуы туралы мәліметтерге және стресстің негізгі себептерін анықтауға бағытталған жауаптары берілген бірнеше сұрақтар ұсынылды.


Зерттеуде сауалнамадан кездейсоқ іріктелген 60-72 жас аралығындағы 55 адам қатысты, оның 26 ер және 29 әйел (сурет - 1). Сауалнамаға қатысқан адамдардың орташа жасы 65 жасты құрады (сурет-2). Мәліметтерді статистикалық өңдеу «STATISTICA» (6.1). бағдарламасы арқылы компьютерде жүргізілді. Тәуелсіз топтардың сапалы белгілері параметриялық емес әдісімен χ^2 критерийлерін қолдану арқылы анықталды, топтардың айырмашылық нәтижелерінің сенімділігі (p) қолданылды. Статистикалық сенімділікке $p = 0,5$ алынды.




Сурет – 1. Зерттеуге қатысқан егде жастағы адамдар жынысы.

Зерттеу нәтижесі. Денсаулық жағдайы – тұрғындардың өмір сүру сапасын сипаттайтын көрсеткіштің бірі.

Зерттеу барысында егде жастағы адамдардың өз денсаулығын субъективті бағалау нәтижесінде – денсаулық жағдайы жақсы деңгейде деген 5,5% адам; 27,8% - адамдар денсаулық жағдайы төмен деңгейде екенін айтты (жасы 65 жастан жоғары), 66,7% - адамдар денсаулық жағдайы орташа деңгейде екені анықталды (сурет - 3). Егде жастағы науқастарда әртүрлі созылмалы аурулары мен патологиялардың полиморбидтілігінен көптеген дәрілік заттарды ұзақ және тұрақты қолдануына, дәрігерлік көмекке жиі жүгінуіне әкеледі.




Сурет – 2. Зерттеуге қатысқан егде жастағы адамдар жас ерекшеліктері



Сурет – 3. Егде жастағы адамдардың өз денсаулығын субъективті бағалау деңгейі

Сауалнамаға қатысқандардың айтуынша емдік мекемелерге жылына орташа есеппен 4-6 рет қаралатын болған, ал 65 жастан жоғары егде адамдарда бұл көрсеткіш көбейген, олар айына 1 реттен аптасына 1 ретке дейін өскен.

Осыған қарамастан бұл адамдардың 50%-да денсаулық жағдайы өткен жылмен салыстырғанда нашарлаған, 11, 1% - жақсарған, 40 % - өзгеріссіз қалған.



Сурет – 4. Егде жастағы адамдардың өз денсаулығының бағалау деңгейінің емдік мекемелерге көріну нәтижесінде өткен жылмен салыстырмалы өзгерісі

Денсаулық жағдайы нашарлаған егде жастағы адамдар медициналық көмектің сапасына қанағаттанбағанын айтқан, сауалнама нәтижесі бойынша бұл адамдар медициналық көмекке сирек жүгінген (жылына 1-4 рет); керісінше медициналық көмек уақытылы көрсетілген жағдайда (айына 1-2 рет медициналық көмекке жүгінгенде), емдік мекемелерде медициналық қызметкерлер уақыт бөлген егде жастағы адамдар (11, 1%) денсаулық жағдайының жақсарғаны анықталған. Зерттеу барысында денсаулық жағдайының өзгерісі мен емдік мекемелерге қаралу жиілігі арасында орташа күші бар тура байланыс анықталды ($p < 0,05$).

Егде жастағы адамдардың материалды жағдайы әлеуметтік хал-жағдайына және өз өміріне қанағаттану деңгейіне әсер етеді. Егде жастағы адамдардың материалдық қамтамасыздануы кіріс деңгейімен, сатып алу мүмкіндігінің көрсеткіштерімен бағаланады, сондай-ақ сауалнамадан өткендердің материалды жағдайының субъективті бағалауы, сатып алынған тағам, киім, аяқ киім өнімдердің саны мен сапасына қанағаттануымен сипатталады.

Кентау қаласының егде жастағы адамдардың басым көпшілігі (71,4%) материалдық өмір сүру деңгейіне риза емес, бұл олардың сатып алу мүмкіндіктері арқылы көрініс табады. Сауалнамадан өткендердің бірде-біреуі сатып алынған азық-түліктің саны мен сапасына толық қанағаттанбайтынын айтқан.

Егде жастағы адамдардың 32,1% - азық-түлік сатып алудағы қиындықтар бар екенін айтса, 83,3% - киім мен аяқ киім сатып алуында қиындықтары бар екені анықталды. Сонымен қатар егде жастағы адамдардың дәрілік заттарды сатып алуда да қиындықтары бар. Ең алдымен, бұл жас санатындағы адамдардың өмір сүруінің материалдық деңгейінің төмен және бір мезгілде дәрілік заттардың бағасының жоғары болуына байланысты.

Респонденттердің жартысынан көбі (55,6%) қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ете алмайды, ал 33,1% емдеуге қажетті препараттардың бір бөлігін ғана алады.

Бұл көрсеткіш емдеудің тиімділігін бағалауда маңызды, себебі ол науқастың комплаенсін сипаттайды. Дәрігер ұсынған қымбат дәрі-дәрмектерді сатып алуда материалдық тұрмыс деңгейі жоғары (11,1%) науқастарға қиындық тудырмайды, бұл осы топтағы адамдардың емдеу процесінің жоғары тиімділігін түсіндіреді. Зерттелушілердің денсаулығының динамикасы мен қажетті дәрілер алу мүмкіндіктері арасында тікелей, қалыпты-күштік байланыс анықталды ($p < 0,05$).

Тұрғын үй жағдайлары да адам өміріне тікелей әсер етеді. Респонденттердің жалпы санының 92,9% -ы тұрғын үй жағдайлары қанағаттанады немесе ішінара қанағаттанады. Тұрғын үй-жайларды пайдалануға байланысты ең өзекті мәселелер – электр қуатының жиі өшуі, ыстық судың болмауына, жәндіктер мен кеміргіштердің болуы, жылу және су құбырларының бұзылуына және қабырғаларда зеңмен зақымдалуы болып табылады. Алайда, бұл мәселелерді сауалнамаға қатысқандардың санының кемінде үштен бірі ғана (27,1%) атап өтті.

Өмір сапасының маңызды көрсеткіші - егде жастағы адамның басқалардан тәуелсіздігін анықтайтын физикалық белсенділігі.

Ересектер тобындағы пациенттердің көпшілігінде физикалық белсенділік жеке учаскеде жұмыс істеу немесе ауада серуендеу болып табылады. Спорттық жаттығулар созылмалы аурулардың болуына байланысты шектелген. Физикалық белсенді емес адамдардың үлесі 5,6% -ды құрады, бұл олардың денсаулық жағдайын нашар деп бағалаған 65 жастан асқан адамдарға сәйкес келеді.

Респонденттердің 16,7% қаланың мәдени өміріне қатысады, саябақтарға, концерттік залдарға, кітапханаларға айына бір рет жиі барады, ал 44,4% - жылына 3-4 рет.

Мәдени демалысты ұйымдастырудағы бастама білдіретін 60 жастан 65 жасқа дейінгі адамдар.


Байланыстың қажеттілігі жиі ересек жастағы топтарда айқын көрінеді, олар зейнеткерлікке шыққан кезде бос уақыттың жоғарылауымен, жақын

туыстарының қайтыс болғандықтан немесе түрлі себептермен отбасылық байланыстардың әлсіреуіне байланысты. Респонденттердің көпшілігі (77,8%) жақын туысқандарымен байланыс жасау қажеттілігін сезінеді, олардың 66,7% -ы отбасы мүшелерінің оларға көңіл бөлмейтінін айтқан.

Сауалнамаға қатысқан қарт адамдар санының тек үштен бірі көршілермен, әріптестермен және т.б. байланыс орнату қажеттілігін көрсетті.


Осылайша, егде жастағы адамдар басым көпшілігі қарым-қатынастың қажеттігін сезінеді, ең алдымен жақын туысқандарымен қарым-қатынас, олар үшін ауыртпалық туғызуынан қорқып, олар өздерін жалғыз және пайдасыз сезінеді, бұл өз кезегінде психо-эмоционалдық жағдайдың өзгеруіне және созылмалы стресстің пайда болуына әкеледі.

Респонденттердің ішінде өзінің психоэмоционалдық жағдайын оң бағалаған – 20% болды, ал теріс бағалаған – 17,7% болғаны анықталды (сурет – 5).



Сурет – 5. Егде жастағы адамдардың психоэмоционалдық жағдайы

Сонымен бірге респонденттердің 16,7% -ы созылмалы күйзелістерге және көңіл-күйдің төмендеуіне сирек ұшырайды, 27,8% - жиі және 56% - орташа.




Сурет – 6. Егде жастағы адамдардың созылмалы күйзелістерге ұшырау жиілігі

Егде жастағы адамдар үшін созылмалы стресстің себептері әртүрлі. Жиі кездесетін себептер – жалғыздық, өзін-өзі қызмет етуге қабілетсіздік, есін жоғлту негізгі белгілері болып табылатын мұндай өзгерістер ең жағымсыз болып саналады. Респонденттердің жартысынан көбі (53, 4%) жалғыздықты ауыр сезінеді.

Егде жастағы адамдар денсаулығының нашарлауына байланысты ықтимал өзгерістерден қорқады, бұл оларды әлсіз, тәуелді, сыртқы көмекке мұқтаж етеді; Олардың көпшілігі күшті эмоционалдық күйзелістерді бастан кешірді, бұл олардың психикалық денсаулығына және мінез-құлқына әсер етеді. Созылмалы стресстің себептері бойынша егде жастағы науқастарда материалды қиындықтарды сирек атап өтеді. Егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасын сипаттайтын жиынтық көрсеткіш - бұл сауалнамаға қатысушының жалпы өмірге қанағаттануының субъективті бағасы.

Кентау қаласының егде жастағы азаматтарының 5,6% -ы жеке өміріне қанағаттанған, 5,6% -ы қанағаттанбаған, ал қалған 88,8% -ы қанағаттану деңгейін «орташа» деп көрсеткен.



Сурет – 7. Кентау қаласының егде жастағы азаматтарының жеке өміріне қанағаттануы

Ол өмірімен қанағаттандыру деңгейі мен физикалық денсаулықтың, психо-эмоционалдық жағдайдың, қаржылық жағдайдың арасындағы тікелей, орта мерзімді қарым-қатынасты айқындайды ($p < 0,05$).

Ерлер мен әйелдердің өмір сүру сапасының көрсеткіштері арасында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ.

Қорытынды. Жүргізілген Кентау қаласының егде жастағы адамдарға жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша келесі анықталды:

Жас топтары жоғары егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасының көрсеткіштері азайды.

1. Егде жастағы топтың қалыпты жұмысын бұзатын ең қолайсыз факторлар – материалды қиындықтар (71,4%), денсаулық жағдайы нашарлауы (50%), әлеуметтік оқшаулану қаупі (қоғамға қажетсіздігі) және жалғыздық (53,4%); отбасылық байланыстардың жоғалуы (66,7%).

2. Кентау қаласының егде жастағы азаматтарының жартысы денсаулық жағдайында өткен жылмен салыстырғанда теріс үрдісті байқайды. Респонденттердің физикалық денсаулығының өзгеруі және медициналық көмекке жүгіну жиілігі, қажетті препараттарды сатып алу мүмкіндігі арасындағы тікелей, орта байланыс арқылы анықталады ($p < 0,05$).

Бұл өмірмен қанағаттану көрсеткіштері мен жалпы және физикалық денсаулық, психо-эмоционалдық жағдай, материалды жағдай арасында тікелей, орташа күштік қатынасын көрсетеді ($p < 0,05$).

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Лазебник Л.Б. Старение и полиморбидность // Consilium medicinum.- 2005. - №12 - С. 993-996.
- 2 Лисицин Ю.П. Направления и перспективы медицины XXI веке // Актуальные проблемы демографической политики и состояние здоровья населения Российской Федерации: сб. тр. - Астрахань, 2009. - Т. 39. - С. 172-175.
- 3 Лукашев А.М., Жернов В.А. Полиморбидность и социальный статус у людей пожилого и старческого возраста // Здоровье и образование в XXI веке: сб. науч. тр. X междунар. конгресса. - М., 2009. - С. 581-583.
- 4 Маркин В.В., Маркин Л.Д. Соотношение биологического, психологического и календарного возраста человека // Здоровье и образование в XXI веке: сб. науч. тр. X междунар. конгресса. - М., 2009. - С. 550-551.
- 5 Злобин А.Н. Заболеваемость и потребность населения пожилого и старческого возраста в медико-социальной помощи // Врач. - 2003. - № 2. - С. 43-44.
- 6 Имельгузина Г., Назифуллин В. Потребности в медико-социальной помощи у пожилых // Вопросы социального обеспечения. – 2006. - № 12. – С.10.
- 7 Пузин С.Н., Гришина Л.П., Кардаков Н.Л. Инвалидность в Российской Федерации. – М.: Медицина, 2006. – 224 с.
- 8 Численность, возрастно-половой состав, естественное движение и миграция населения Оренбургской области, Естественное движение населения Оренбургской области 2014 год, Смертность населения Оренбургской области, Здравоохранение Оренбургской области: информ.-аналит. сб. – Оренбург-Оренстат, 2014. - 45 с.
- 9 Состояние инвалидности в Оренбургской области: информ.-аналит.

сб. – Оренбург: ФКУ «Главное бюро медико-социальной экспертизы по Оренбургской области» Минтруда России, 2014. - 142 с.

10 О соблюдении прав пожилых людей в РК // Доклад Уполномоченного по правам человека Республики Казахстан. - Алматы, 2005. – 123 с.

11 Шарман А., Качество жизни, здоровье и долголетие // Назарбаев Университет, Центр наук о жизни. – Астана, 2011. - С.13-20.

12 Новик А.А., Т.И. Ионова. Руководство по исследованию качества жизни в медицине. – Санкт-Петербург: ОЛМА-ПРЕСС Звездный мир, 2002.- С. 75-81.

13 Basu N., Yang X., Luben R.N., Whibley D., Macfarlane G.J., Wareham N.J., Khaw K.T., Myint P.K. Fatigue is associated with excess mortality in the general population: results from the EPIC-Norfolk study // BMC Med. – 2016. – Vol. 14, Iss. 1. – P. 122.

14 Alesii A., Mazzarella F., Mastrilli E., Fini M. The elderly and quality of life: current theories and measurements // G Ital Med Lav Ergon. – 2006. – Vol. 3, Suppl. 2. – P. 99-103.

15 Ho L.Y., Mok C.C., To C.H., Anselm M., Cheung M.Y., Yu K.L. Rituximab for refractory rheumatoid arthritis: a 24-week open-label prospective study// Open Rheumatol J. – 2007. – Vol. 1. – P. 1-4.

16 Endo H. Comprehensive geriatric medicine // Nihon Ronen Igakkai Zasshi.– 2004. – Vol. 41, Iss. 4. – P. 375-377.

17 Kingston P., Bernard M., Biggs S., Nettleton H. Assessing the health impact of age-specific housing // Health Soc Care Community. – 2001. – Vol. 9, Iss.4. - P. 228-234

18 Кудьярова С.А. Егде жастағы жұмысшылардың еңбекке жарамдылық ұзақтығына әсер ететін себептерді кешенді бағалау: дисс. ... магистр: 6М110100/ ОҚМА. - Шымкент, 2016. – 157 с.

19 Новик А.А., Ионова Т.И., Шевченко Ю.Л. Исследование качества жизни в медицине. – М.: ЗАО «ОЛМА Медиа Групп», 2007. – 142 с.

20 Кабакова Т.А., Камардин С.В., Камаев И.А. Некоторые особенности медико-социальной помощи пожилым, проживающим в сельской местности // Здравоохранения Российской Федерации. – 2004. - № 3. – С. 41-45.

21 Карелова Г.Н. Государственный доклад о положении граждан старшего поколения в Российской Федерации. - М.: РИА«Ваш Дом», 2001. – 226 с.

22 Какорина Е.П. Проблемы медицинского обеспечения пожилых в России // Проблемы социальной гигиены, здравоохранения и истории медицины – 2006. – № 2. – С. 23-27.

23 Карпикова И.С. Показатели функционирования системы социальной защиты в аспекте оценки качества жизни населения // Известия ИГЭА. - 2011. - № 3(77). - С. 175-178.

24 Карюхин Э.В., Шмидт В.В., Шмидт В.Р., Торчинская Е.С. Использование формы «Оценка социального статуса пациента» в практике геронтолога // Клиническая геронтология. - 2004. - Т. 1. - С. 52-56.

25 Кауров Б.А. Гендерные особенности социального портрета долгожителей. Сообщение 1 // Клиническая геронтология – 2013. – Т 19. – № 7-8. – С. 53-57.

26 Киселева Е.С. Продолжительность жизни и здоровье населения старшего возраста в России // Вестник Московского университета. Серия 6 «Экономика» – 2011. - № 2. – С. 93-100.

27 Кисляков В.А. Качество жизни больных как интегральная характеристика психологического, эмоционального и социального результатов хирургического лечения // Главный врач. – 2009. – Вып. 11. - С. 57-58.

28 Круглов Л.С. Клинико-социальные аспекты лечения пожилых больных с психоорганическим синдромом сосудистого генеза. - СПб: Издательство ДЕАН, 2006. – 160 с.

29 Козинец Г.И., Высоцкий В.В., Точенов А.В. Качество жизни:

проблема старения // Медицина и качество жизни. – 2006. – № 2. – С. 13–20.

30 Колесников Б.Л. О демографической ситуации в Оренбургской области // Бюллетень национального НИИ общественного здоровья. - 2007. - № 3. - С. 107-109.

31 Новик А.А., Ионова Т.И. Концепция исследования качества жизни в медицине. - СПб.: Элби, 1999. – 140 с.

32 Кудрина Е.А., Смолин А.А. Качество жизни пациентов с церебральным инсультом, находящихся на этапе реабилитационного лечения. – Красноярск: Экология человека, 2010. –65 с.

33 Кудрина Е.А., Смолин А.А. Качество жизни пациентов с церебральным инсультом, находящихся на этапе реабилитационного лечения // Общественное здоровье и здравоохранение. – Казань, 2013. - №1. - С. 62-65.

34 Куликова Н.Г., Камурзаева С.Ш. Медико-социальные особенности больных трудоспособного возраста с первичной инвалидностью // Вестник Московского университета. Серия 18 «Социология и политологи». – 2007. – №4. – С. 4-10.

35 Курушина О.В. Медицинские и социальные факторы повышения качества жизни пациентов с хронической болью: автореф. ... докт. мед.наук // 14.02.03. – Волгоград: ГОУ ВПО «Волгоградский государственный медицинский университет», 2011. – 24 с.

36 Кухтевич Т.Н., Добрынина В.И. Постарение населения Земли как социокультурная проблема // Вестник Московского университета. Серия 18 «Социология и политологи». – 2006. – № 3. – С. 3-10.

37 Лазебник Л.Б., Конев Ю.В. Медико-социальная помощь пожилым 120 группы повышенного риска // Клиническая геронтология. - 2005. - Т. 1. - С. 88-91.

38 Лазебник Л.Б., Конев Ю.В. Демографические аспекты старения населения Москвы, России и стран СНГ // Клиническая геронтология. – 2008.– № 12– С. 3-6.

39 Лазебник Л.Б. Здоровье, болезнь и промежуточные состояния (к 60-летию принятия ВОЗ формулы здоровья) // Клиническая геронтология. – 2009. – № 1. – С. 3-9.